№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі:
_________ А.Ершова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
_________ А.Шуиншалиева



# *«Кішкентай зерттеуші»*

## *вариативтік компонент*

№10 «Балауса» ересек тобы

Тәрбиешілер: Өтеген С.
Өтеген Ж.

2021-2022 оқу жылы

## «КІШКЕНТАЙ ЗЕРТТЕУШІ»

вариативтік компонент

## Түсіндірме жазба

«Кішкентай зерттеуші» вариативтік бағдарламасы ересек жас тобының балаларының бойында ізденіс және эксперименттік әрекет дағдыларын жаңа материалдармен эксперимент жасау және заттардың жалпы белгілерін ажырата білуді қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы) негізінде әзірленген. Сонымен қатар бағдарлама мектеп жасына дейінгі балалардың бойында қалыптасқан дағдыларын өзіндік іс-әрекет жағдайларында қолдану мүмкіндіктерін арттыру арқылы зерттеушілік қабілетін дамыту, проблемалық жағдайлардың шешімін өздігінен таба білу дағдыларына қолдау көрсету, одан әрі жетілдіруге ынталандыруды көздейді.
Эксперимент балаларды тірі және өлі табиғат әлемімен таныстыруда тиімді болып табылады. Күнделікті өмірде бала жаңа, өзіне бейтаныс заттар мен өлі табиғат құбылыстарымен танысады және оның осы жаңалықты білуге деген ынтасы пайда болады. Балалардың эксперименттік әрекеті - балалар әрекетін ұйымдастыру нысандарының және танымдық іс-әрекет түрлерінің бірі. Эксперимент барысында баланың есте сақтауы, ойлау процестерінің белсенділігі артады (талдау және жинақтау, салыстыру, жіктеу, жалпылау), бала өзіне тән білуге құштарлығын қанағаттандыруға, өзін ғалым, зерттеуші ретінде сезінуге мүмкіндік алады. Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс тәжірибесінде балаларды орындалатын әрекетке шығармашылық тұрғыдан қарауға, өзін-өзі көрсетуге ынталандыра отырып, олардың өз бетінше эксперимент жасауы және ізденіске белсенділігі үшін жағдай жасалады.Бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың алдында тұрған маңызы бар ауқымды проблемалардың ішінде табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға ерекше назар аударылуда.
«Кішкентай зерттеуші» бағдарламасының өзектілігі мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа қамқорлық жасау, табиғатты қорғау және көркейту дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

## Бағдарламаның мақсаты:

- баланың экспериментке деген ұмтылысын қолдау, зерттеушілік жұмыстарына жағдай жасау;
- қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту;
- тәжірибелік-эксперименттік қызмет арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- баланың экспериментке деген ұмтылысын қолдау, балаларды тірі және өлі табиғат әлемімен таныстыру.
- балаларды заттардың әртүрлі қасиеттерімен таныстыру (қатты, жұмсақ, сұйық, және т.б.).
- танымдық қызығушылығын, зерттеушілік қабілетін дамыту;
- қоршаған ортаға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Бағдарлама №13 «Бөбек» мектепке дейінгі ұйымының 27.08.2020ж педагогикалық кеңесі отырысында «Кішкентай зерттеуші» бағдарламасы талқыланды, №1 хаттамамен бекітілді.
Бағдарламаның ерекшелігі: бағдарламаны игеру барысында мектеп жасына дейінгі балалар сыртқы әлеммен танысып, затпен, материалмен тікелей қарым – қатынас орнатады.

Балалардың жас ерекшелігі: «Кішкентай зерттеуші» бағдарламасы ересек топ (4 жас) балаларының жас ерекшеліктеріне сай әзірленген.
Бағдарламаны іске асыру нысандары: Ұйымдастырылған оқу қызметінде, серуен, табиғат бұрышында және балабақшаның жер учаскесінде жеке және топпен өткізіледі.
Өткізу тәртібі: күннің екінші жартысында өткізіледі. Сағат саны -36. Білім беру процесінің ұзақтығы -20-25 мин.

**Күтілетін нәтижелер:**

- эксперимент барысында баланың есте сақтауы, ойлау процестерінің белсенділігі артады (талдау және жинақтау, салыстыру, жіктеу, жалпылау).
- бала өзіне тән білуге құштарлығын қанағаттандыруға, өзін ғалым, зерттеуші ретінде сезінуге мүмкіндік алады.

## Перспективалық жоспар

| р/с | Тақырыбы | Сағат саны | Күні, айы, жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | «Зерттеушілер әлемі» | 2 | 07.09.2021<br>14.09.2021 |
| 2 | «Күн заттарды кептіреді» | 2 | 21.09.2021<br>28.09.2021 |
| 3 | «Температураға байланысты топырақ жағдайы» | 2 | 05.10.2021<br>12.10.2021 |
| 4 | «Көлеңке» | 2 | 19.10.2021<br>26.10.2021 |
| 5 | «Мұздың мөлдірлігі» | 2 | 02.11.2021<br>09.11.2021 |
| 6 | «Су күйінің ауа температурасына тәуелділігі» | 2 | 16.11.2021<br>23.11.2021 |
| 7 | «Су –тіршілік көзі» | 2 | 30.11.2021<br>07.11.2021 |
| 8 | «Ашытқының көмегімен үрленген шар» | 2 | 14.12.2021<br>21.12.2021 |
| 9 | «Тастар» | 2 | 28.12.2021<br>11.01.2022 |
| 10 | «Құм және саз. Жұмсақтық» | 2 | 18.01.2022<br>25.01.2022 |
| 11 | «Пиязды бір стақан сумен және сусыз өсіру» | 2 | 01.02.2022<br>08.02.2022 |
| 12 | «Магнит дегеніміз не?» | 2 | 15.02.2022<br>22.02.2022 |
| 13 | «Сиқырлы су» | 2 | 01.03.2022<br>15.03.2022 |
| 14 | «Жылуды қалай өлшейміз? » | 2 | 29.03.2022<br>05.04.2022 |
| 15 | «Бөлме өсімдігінің тамырлануы» | 2 | 12.04.2022<br>19.04.2022 |
| 16 | «Ненің ізі» | 2 | 26.04.2022<br>03.05.2022 |
| 17 | «Шыныдағы отшашу» | 2 | 10.05.2022<br>17.05.2022 |
| 18 | «Өсімдік қай жерде жақсы өседі» | 2 | 24.05.2022<br>31.05.2022. |
| **Барлық сағат саны** | | **36** | |

**Тақырыптық жоспар үлгісі**

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Бағдарламалық міндеттер | Бағдарламаны іске асыру нысандары | Бағдарламаны іске асыру әдістері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Зерттеушілер әлемі» | 2 | Зерттеушілер және экспериментке әртүрлі қызықты және қажетті жабдықтар туралы түсініктерін қалыптастыру. Зерттеу үшін әртүрлі материалдармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру. Экологиялық тәрбие беру | Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс. | Тәжірибелер эксперимент |
| 2 | «Күн заттарды кептіреді» | 2 | Күн жайлы түсініктерін қалыптастыру. Күннің көзі жарқырап тұрса, жылу беретінін түсіндіру, күннің заттарды жылыту қабілетін байқату. Экологиялық тәрбие беру. | Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс. | Тәжірибелер эксперимент |
| 3 | «Температураға байланысты топырақ жағдайы» | 2 | Балалардың топырақ, топырақтың құнарлы қабаты туралы алған білімдерін толықтыру. Тәжірибе арқылы топырақтың негізгі қасиеттерін, топырақтың құрамын анықтау. Топырақ жағдайының ауа-райына тәуелділігін анықтау. | Топтық жұмыс. Балалардың тәжірибелік өзіндік қызметі | Тәжірибелер эксперимент |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | «Көлеңке» | 2 | Балаларға көлеңкенің қалай<br>пайда болатындығын, оның<br>жарық көзі мен затқа тәуелділігін, олардың өзара<br>байланысын түсіндіру. Көлеңкенің пайда болуын іс – тәжірибеде көрсету. Зерттеушілік қабілетін дамыту | Педагогпен бірлескен жұмыс, Балалардың тәжірибелік өзіндік қызметі | Тәжірибелер эксперимент |
| 5 | «Мұздың мөлдірлігі» | 2 | Судың сұйық және қатты күйде болатындығын түсіндіру.<br>Тәжірибе жасау арқылы судың<br>түрлі-түсті мұзға қалай айналатындығын көрсету.<br>Мұздың қасиеттерімен таныстыру. | Педагогпен бірлескен жұмыс, жеке жұмыс | Тәжірибелер эксперимент |
| 6 | «Су күйінің ауа температурасына тәуелділігі» | 2 | Су, оның адам өміріне маңызы,<br>оны қорғау туралы білімдерін<br>нығайту. Бала қызығушылығын арттыру ой - өрісін, есте сақтау<br>қабілетін дамыту. Адамгершілікке, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | Педагогпен бірлескен жұмыс, балалардың тәжірибелік өзіндік қызметі | Тәжірибелер эксперимент |
| 7 | «Су –тіршілік көзі» | 2 | Балаларға су туралы түсінік<br>беру және судың қажеттілігін,<br>оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы<br>түсіндіру. Судың табиғатта баға<br>жетпес сый екенін айту, түсініктерін | Педагогпен бірлескен жұмыс, балалардың тәжірибелік өзіндік қызметі | Тәжірибелер эксперимент |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыптастырып дамыту. | | |
| 8 | «Ашытқының көмегімен үрленген шар» | 2 | Үрленген шар туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың тәжірибе жасауға қызығушылығын арттыру. Зерттеушілік қабілетін дамыту. | Педагогпен бірлескен жұмыс, балалардың тәжірибелік өзіндік қызметі | Тәжірибелер эксперимент |
| 9 | «Тастар» | 2 | Тас туралы түсініктерін қалыптастыру. Зерттеудің қарапайым тәсілдерін дамыту, есте сақтау, зейін қою қабілетін нығайту. Адамгершілікке, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | Педагогпен бірлескен жұмыс, балалардың тәжірибелік өзіндік қызметі | Тәжірибелер эксперимент |
| 10 | «Құм және саз. Жұмсақтық» | 2 | Балаларға құм мен сазды салыстыруға үйрету. Құмның қасиетін көрсету. Табиғатқа сүйіспеншілікпен карауға тәрбиелеу. | Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс | Тәжірибелер эксперимент |
| 11 | «Пиязды бір стақан сумен және сусыз өсіру» | 2 | Пияздың өсуі мен дамуы үшін маңызды қажеттілік ретінде қоршаған орта факторын—суды бөліп көрсету. Балалардың тәжірибе жасауға қызығушылығын арттыру. Зерттеушілік қабілетін дамыту. | Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс. | Тәжірибелер эксперимент |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | «Магнит дегеніміз не?» | 2 | Магниттің не екенін түсіндіру. Магниттің тартылыс күші, қасиеттері туралы, темірді магниттің күші арқылы тартылатынын бақылау. Ізденіс танымдық, ойлау қабілеттерін дамыту. | Педагогпен бірлескен жұмыс, балалардың тәжірибелік өзіндік қызметі | Тәжірибелер эксперимент |
| 13 | «Сиқырлы су» | 2 | Танымдық белсенділікті дамытуды жалғастыру; гипотезалар ұсынуды көтермелеу; достық қарымқатынасты дамыту. | Педагогпен бірлескен жұмыс, балалардың тәжірибелік өзіндік қызметі | Тәжірибелер эксперимент |
| 14 | «Жылуды қалай өлшейміз?» | 2 | Жылу туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың тәжірибе жасауға қызығушылығын арттыру. Зерттеушілік қабілетін дамыту. | Педагогпен бірлескен жұмыс, жеке жұмыс | Тәжірибелер эксперимент |
| 15 | «Бөлме өсімдігінің тамырлануы» | 2 | Балаларға бөлме өсімдіктер туралы мәліметтер беру. Бөлме өсімдіктерінің тірі немесе өлі табиғатқа жататындығын анықтау. Бөлме өсімдіктеінің тамырлануын тәжірибе жүзінде көрсету. | Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс. | Тәжірибелер эксперимент |
| 16 | «Ненің ізі» | 2 | Балалардың із туралы түсініктерін қалыптастыру. Аңдардың ізін ажырата білуге тәрбиелеу. Эстетикалық талғамдарын, қиялын | Педагогпен бірлескен жұмыс, жеке жұмыс | Тәжірибелер эксперимент |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дамыту. | | |
| 17 | «Шыныдағы отшашу» | 2 | Түрлі түсті бояу, су және өсімдік майын пайдалана отырып отшашу жасауға болатынын көрсету. Балалардың тәжірибе жасауға Педагогпен бірлескен жұмыс, жеке жұмыс Тәжірибелер эксперимент 63 қызығушылығын арттыру. Зерттеушілік қабілетін дамыту | Педагогпен бірлескен жұмыс, жеке жұмыс | Тәжірибелер эксперимент |
| 18 | «Өсімдік қай жерде жақсы өседі» | 2 | Өсімдіктердің тіршілігі үшін топырақтың қажеттілігін, топырақ сапасының өсімдіктердің өсуіне және дамуына әсерін анықтау, құрамы әр түрлі топырақты бөлу | Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс | Тәжірибелер эксперимент |